

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 321 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесі (Алматы қаласы) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 қарашадағы N 1433 қаулысына :
көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған күзет бөлімшелерінің облыстық (қалалық) басқармаларының, қалалық және аудандық бөлімдерінің (бөлімшелерінің) тізбесінде "Алматы облысы" деген бөлімнің реттік нөмірі 22-жолы алынып тасталсын;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2014 № 1144 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.10.2014 № 1144 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі